

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

АНО «Содружество народов Евразии»  
НИИ истории и этнографии  
Южного Урала Оренбургского государственного университета



ТМД 25 жылдығына арналған  
«РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ» атты  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция

## ЖИНАҒЫ

9 желтоқсан 2016 ж.



## СБОРНИК

международной научно-теоретической конференции  
«ГУМАНИТАРНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО  
РОССИИ И КАЗАХСТАНА»,  
посвященной 25-летию СНГ  
9 декабря 2016 г.

Алматы, 2016



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

АНО «Содружество народов Евразии»  
НИИ истории и этнографии Южного Урала Оренбургского государственного университета

---

ТМД 25 жылдығына арналған  
«РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ» атты  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
ЖИНАҒЫ  
9 желтоқсан 2016 ж.

СБОРНИК  
международной научно-теоретической конференции  
«ГУМАНИТАРНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО РОССИИ И КАЗАХСТАНА»,  
посвященной 25-летию СНГ

9 декабря 2016 г.



<b>Мийманбаева Ф.Н.</b> Социально расслоение в переселенческом хозяйстве Семиречья.....	96
<b>Удербаета С.К.</b> Материалы по истории Центральной Азии в «Трудах» Оренбургской Ученой Архивной Комиссии.....	100
<b>Егоренкова Е.Н.</b> Народная дипломатия в сфере образования и науки в регионе Большого Алтая (на примере ВКГУ им.С.Аманжолова).....	103
<b>Бегимбаева Ж.С.</b> Международный конкурс молодых ученых России и Казахстана как реализация гуманитарного сотрудничества в области науки и образования.....	106
<b>Далаева Т.Т.</b> Абай и вопросы социальной истории казахского народа во второй половине XIXв. ....	109
<b>Әбденов А.Ж.</b> «Каспий-Орск» мұнай құбырының салыну тарихы .....	112
<b>Ескалиев С.А.</b> Казахская интеллигенция в контексте историко – культурных связей между Казахстаном и Россией в начале XX века.....	116
<b>Сугурбаева Б.К.</b> Научные исследования русских ученых в Казахстане в XVIIIв.....	118
<b>Абдукадыров Н.М.</b> Осман империясы мен Германияның экономикалық байланыстарының дамуындағы Дойче Банктің кызметі.....	121
<b>Нускабай П.Н.</b> XIX ғасырдың аяғы – XX ғ. I- жартысындағы Еуропа медиевистикасындағы қауым мәселелері туралы кешенді ізденістер.....	126
<b>Б.У. Маликов</b> XIX – XX ғғ. басындағы қазақ ақындарының шығармаларындағы болыстық басқарушылардың тарихи портреті.....	128
<b>Надежук Е.А.</b> Европейская историография о международном сотрудничестве Республики Казахстан и Европейского Союза.....	132
<b>Тулешова У.Ж.</b> Қазақ дворяндығы: XIX ғ. аяғындағы саны мен аумағы.....	136
<b>Калимолдина Ж.А.</b> Шығыс Қазақстан жерін қоныстанған ескі дінді уағыздаушылар (староверлер).....	139



## КАЗАК ДВОРЯНДЫҒЫ: XIX Ғ. АЯҒЫНДАҒЫ САНЫ МЕН АУМАҒЫ

Тарихшы ғалымдардың бүгінде жеке мәселелер мен қысқа тарихи кезеңдерді зерттеуге мамандануы бұл кәсіптің талабы мен тарихнаманың фактісіне айналды. Оның жақсы жақтары анық зерттелетін пәнді жете білу; арнайы, яғни көбіне анализдің шебер әдісін қолдану. Дегенмен, оның кемшіліктері де манызды: жете сұрақтарға шамадан тыс мән беру; зерттелуші аспекті мен тұтас құбылыс арасындағы байланысты түсіну жоғалады; жалпыландыру мен түсіндіруден бас тарту жүзеге асады. Осыдан білімді жалпыландыру мен кең әрі ортақ идеяларды түсіндіру қажеттілігі туындап, ол өткеннің маныздылығын түсініп, оның мәнін ұғынуға және себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай міндеттерді әлеуметтік тарих аясында мүмкін болады. Осылайша, тарихи оқиғалардың мәні мен мағынасы, бағыттары біріншіден, әлеуметтік жағынан қарастырылған кең көлемді тарих контекстінде, екіншіден, ұзақ немесе орта кезеңдер шегінде ғана түсінікті бола алады [1, С.13].

Отандық тарихнамада осы уақытқа дейінгі болған кемшіліктер мен шынымен қажет еткен мәселелерді зерттеуге мүмкіншіліктің болмағаны анық. Сол кемшіліктерді жоюдағы ең жақсы құралы – олардың шығу тегін білу, себебі ескішілік өткен ақиқат ретінде, соның ішінде әлеуметтік институттардың ерекшеліктері де, бұрында жетістік болса, бүгінде олар кемшіліктер болып табылады. Тарихшылар әлеуметтік дәрігер бола алады. Тарихшылар өткенді шынайы талдау арқылы өз халқын ұлт тарихы барысында қалыптасқан кемшіліктерден айыра алады [1, С.16].

Міне, әлеуметтік тарихтың осындай маныздылығы қазак тарихына келгенде одан да жоғары сатыға көтеріледі. Себебі, Қазақстан тарихындағы өзгерістер оны қайта жаңаша тұрғыда қараумен ғана емес, сонымен бірге актандақтарды да зерттеумен ұштасып отыр.

Ресей империясының қазак елін отарлау үрдісі ұзақ әрі ерекше сипатқа ие болды. Өз билігіне тірек болатын заңдық бастамалар, жергілікті элитаны империяның үстем топтарына біріктіру, қоныстандыру мен отырықшыландыру саясатының барлығы империялық биліктің қазак даласында үстем етуінің қаруына айналды. Айта кетерлік жайт, отарлау саясатының негізгі қадамы қазак жеріне қатысты заңнамаларды шығару болған еді. Қазак даласында империя тарапынан жасалынатын әрбір қадам ең алдымен заңдық негізбен бекітіліп отырды. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші және Орта жүзде патша үкіметі тарапынан жасалынған реформалар көшпелі қоғамның көптеген жақтарына ықпал етті. Хандық билік жойылып, көшпелі қоғамның дәстүрлі саяси-әлеуметтік жүйесі қирауға ұшырады. Патша үкіметіне жергілікті элитаны өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдану және Ресей империясының жүйесіне енгізу манызды болды. Империя үкіметінің ойлағаны бойынша, қазак элитасы империя билігі және оның басқаруындағы қазак халқы арасындағы байланыстырушы буын қызметін атқаруы қажет болды [2, С. 174-175]. Осылайша, отарлаушы елдің заңдық негізге сүйенсе отырып жасаған манызды отарлаушы қадамдарының бірі, қазак даласының дәстүрлі аристократиясын империялық үстем топтардың қатарына қосу арқылы, монархия қызғытушылықтарына қызмет етуші шенеуніктерге айналдыру болған еді.

Ресей империясына өзіне тәуелді елдердің элиталық үстем топтарын басып жаныпшауға қарағанда, оларды өз мүддесінде қолдану, ал ол үшін өзінің құрамдық бөлігі ретінде Ресей империясының үстемдік сословиесіне қосып алу әлдеқайда тиімді еді. Империялық үкіметтің діни қауым мен көпестік топпен қатар жетекші күшпен, қарым-қатынас жүйесін құру болғаны аян. Мұсылмандық элитаның манызды бөлігін мұрагерлік рулық аксүйектер, яғни Шыңғысханнның ұрпақтары, басқа да белгілі әулеттердің тұқымыдары құрады [3, С. 4]. Қазак дворяндығы да осы айналды. Дегенмен, Еуропалық Ресейдегі мұсылмандық саясаттың орындалуындағы бір бағытқа даласында империялық үстем топтарға жергілікті дәстүрлі билеуші топтардың қосылу үрдісі айтарлықтай өзгеше әрі ұзақ сипат алды.

Қазак дворяндығының пайда болуы және ондағы ерекшеліктері, саны мен құрамы, аумақтық ерекшелігі, тұтас Ресей империясының дворяндық тобындағы үлесі мен рөлі, жергілікті халықтың жаңа қалыптасқан дворяндарға көзқарасы және дворяндардың кейінгі тағдыры отандық тарихнамада жеке-жеке зерттелмеген тақырыптардың бірі. Алайда, патша үкіметінің қызметіндегі қазак



дворяндығын зерттеу, яғни тарихи зерттеу тұрғысында жан-жақты қарастыру қазақтың әлеуметтік тарихының толық көрінісін ұсынуға, бұрында қалыптасқан казак дворяндығы өкілдеріне бір жақты пікірді өзгертуге ықпал етіп, Қазақстан тарихындағы шынайылық деңгейін арттырмақ. Осындай зерттеу маңыздылығынан шыға отырып, ұсынылып отырған мақалада казак дворяндығын зеттеудегі бірінші қадамымызды: жергілікті дворяндықтың саны мен аумақтық орныласуынан бастамақ ойымыз бар.

Алдымен казак дворяндығының қалыптасуына қысқаша тоқталып өткен дұрыс болар. Қазақтарға қатысты жасалған XIX ғасыр реформалары осы ұзақ үрдістің бастапқы сатысына айналды. Хан, султандар, билер, старшиндердің әлеуметтік институттары ресейлік қызғушылықтардың аясына кірді. Ресей империясының үкіметі үшін казак элитасының өкілдерін патша мен билеуші әулетке қызмет етуге жұмылдырып, олар арқылы казак халқына ықпал ету каналдарына иелік етіп, ақырында казак елінің территориясына бақылау жүргізу маңызды болды [4, pp. 78-80]. Империяның султандарға бағытталуы біріншіден, казак даласындағы реформаларды дайындау барысында қолданылған мәліметтерге негізделсе, екіншіден – басқару аппараты ретінде қолдануға болатын басқа әлеуметтік күштердің болмауымен түсіндіріледі [5, С. 49-50]. Осы орайда, казак аристократиясының империялық дворяндыққа қосылу үрдісі жүргізілді. Оның бірінші қадамы – Ресей империясында I Пётрдің бұйрығымен жасалған «Дәрежелер туралы табельдің» (Табель о рангах) қазақтарға қатысты да орын алуы. Бұл заңнама бүкіл дәстүрлі ресейлік әлеуметтік жағдайды өзгерген және империяның билеуші сословиесінің рационалдану үрдісін аяқтаушы әрекет болды. «Дәрежелер туралы табель» Ресей империясындағы әкімшілік қызметінде нақты иерархиялық жүйе қалыптастырып, бұрынғы шығу тегіне қарап шенге бөлудің орнына, қызметтік жарамдылықты негізге алатын қағида орнықтырған еді [6, С. 191-193]. Қазақ аксүйектерінің арасында да осы қағидаға негізделген көріністер орын алды. Мысалы, казак элитасының өкілдеріне табельдегі тәртіпте шендер беру, сый-сыйлапатар жасау, төлемақы беру, марапаттау, үстемділігін көрсететін құжаттар беру және т.б. казак аристократиясының Ресей империясы қызметіндегі шенеуніктерге айналуын көрсетті. Онымен қоса, патшалық үкіметтің жергілікті аксүйектер өкілдеріне берген мүмкіндіктері олардың өздерінің қоғамдағы билігін сақтап қалу мүддесімен пара-пар келді [4, Р.81]. Себебі, Шыңғысхан ұрпақтары болған султандар билікке ұмтыла отырып, өз бетінше казак қоғамына, саяси-әлеуметтік тірекке және өз билігінің зорлау аппараты мен заңнамалық негізіне ие болмағандықтан, билік жүргізе алмайтыны белгілі болды [5, С.51]. Дегенмен, осы атаптан табельге негізделе отырып, патша үкіметіне қызмет жасаған казак шенеуніктері белгілі бір шендер алу, медальдармен немесе қызмет жасау ұзақтығына байланыста дворяндық титулға ие бола алды. Осы бетте айта кетерлік жайт, орыс емес дворяндық, оның ішінде казак дворяндығы алайда, империялық дворян өкілдеріне қатысты артықшылыққа еш уақытта ие болған жоқ. Басқаша айтқанда, казак дворяндығы нағыз дворяндық болған емес.

Осылайша, заңнамалық негізде, элита өкілдерінің өзіндік көзделген мақсаттарын да шетте қалдырмай, казак аксүйектерінің Ресей империясының үстемдік етуші сословие – дворяндықтың құрамына енуі, яғни казак дворяндығының қалыптасуы жүзеге асты. Бірақ, казак дворяндығының қалыптасуы әр территориялық аумақта өзіндік қалыптасқан әлеуметтік-саяси ерекшеліктеріне сай әр түрлі жүрді. Дегенмен, ол мәселе бұл мақаланың аясына кірмейді.

Қазіргі зерттеушілер арасында казак дворяндығының XIX ғасырдың аяғындағы санын алғаш көрсеткен И.В. Ерофеева болды. Оның көрсетуі бойынша, олардың әулетінен дворяндары 876 және жеке дворяндар саны 94 құрады, оның ішінде Далалық Қазақстанда біріншілері 752 және екіншілері 51, ал Түркістан өлкесінде сәйкесінше – 123 және 43; әулетінен дворян болған қазақтардың саны бүкіл Ресей империясының әулетті дворяндарының 7.3 % бөлігін құрады [7, С. 182].

Қазак дворяндығының сандық көрсеткішін біз Ресей империясының алғашқы әрі жалғыз 1897 жылғы санағына қарап анықтауды мақсат еттік.

Мұндағы казак дворяндарының санын казак халқының негізгі мекен еткен облыстары бойынша жеке қарастыруды жөн көрдік (Кесте 1).



Кесте 1. Казак дворяндығының казактар халықтың басым бөлігін құраған облыстар бойынша саны [8]

Сословие	Әулетті дворяндар және олардың отбасылары		Жалпы	Жеке дворяндар мен олардың отбасылары		Жалпы
	Е	Ә		Е	Ә	
Ақмола облысы	248	267	515	20	9	29
Семей облысы	46	48	94	3	-	3
Жетісу облысы	54	62	116	4	5	9
Сыр-Дария облысы	5	4	9	13	12	25
Торғай облысы	66	49	115	10	6	16
Орал облысы	13	15	28	2	1	3
Орынбор губерниясы	3	1	4	7	3	10
Бөкей Ордасы	-	-	-	14	19	33
Жалпы саны			881			128

Мұнда көрсетілген тұрғандай, саны бойынша казак дворяндарының көп болған аумақтарын Ақмола, Торғай облыстары құрап отыр. Бұл аумақтарда казак арасынан дворяндық алғандардың көп болуын Кіші жүз казактарының территориясындағы облыстарға қарағанда жергілікті билеушілердің саны жағынан артықтығымен түсіндіруге болады. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» жарлық бойынша Орта жүз территориясында болыстар мен округтарды халық сайлауы негізінде сұлтаннар мен аға сұлтандар басқарды [8]. Кейіннен 1867-1868 жж. Реформа өзгерістеріне сәйкес, сұлтандар болые билеушілері ретінде жоғарыдан түскен санымен, аумағымен, тіпті бұйырылған тәртіпке сай сайланып отырды [9]. Әрбір болысқа және округке сұлтан мен аға сұлтандар сайланатын болғандықтан, олар саны жағынан әлдеқайда аз болған, яғни әр бөлімнен (1824 жылғы «Орынбор казактары туралы» жарлық бойынша Кіші жүз территориясы үш бөлімге бөлінді) сұлтан-правитель сайланып отыратын сұлтандардан [10] эрине, артық болғаны заңды деуге болады. Сонымен қатар, патша үкіметінің уақыт өте келе дворяндық титулды сұлтандардан басқа да жергілікті шенеуніктеріне де таратуы да аталмыш сословиенің әлеуметтік құрамын өзгертіп, арттырды. Дегенменде, казак дворяндығы үлес салмағы бойынша жоғарыдағы облыстарда жалпы дворяндықтың басым бөлігін құраған жоқ (Кесте 2).

Кесте 2. Казак дворяндарының облыстар бойынша жалпы дворян сословиесіне қатысты үлес салмағы (%)

Сословиесі	Әулетті дворяндар және олардың отбасылары	Жеке дворяндар мен олардың отбасылары
Облыс		
Ақмола облысы	17,5	0,7
Семей облысы	10,5	0,2
Жетісу облысы	9,6	0,5
Сыр-Дария облысы	0,4	0,8
Торғай облысы	44	6,8
Орал облысы	3,5	0,2
Орынбор губерниясы	0,07	0,15
Бөкей Ордасы	-	0,1

Көрсетілген казак халқы басымдықты құрған облыстарда жалпы дворяндардың үлес салмағының аз болуын мынандай казак шенеуніктері үшін дворяндық титулды алу үшін көп қызмет жасап, әурелену қажет болғанымен, казак жеріне орыс немесе басқа ұлт дворяндарын әртүрлі себептермен қоныс аударуымен түсіндіруге болады.



Осылайша, ұзақ отарлық үрдіс пен көптеген саяси әрекеттер нәтижесінде Ресей империясының құрамына енген қазақ даласы енді оның саяси да, әлеуметтік ері шаруашылық жағынан да құрамдас бөлігіне айналды. Бұл процессте империя шенеуніктеріне айналып, қазақ халқын өз ішінен бақарған жергілікті дворяндардың рөлі аз емес. Қазақ дворяндығы патшалық Ресейдің бір бөлігі ретінде тұтас дворяндық санатына кірді. Өзіндік ерекшеліктері мен басқаша сипатына қарамастан, ол отыршылдықтың қаруы ретінде қызмет етті. Алайда, мақалада жасалған қазақ дворяндығының аймақтық саны бойынша жасалған қорытындылар үлкен мәселенің алғашқы ғана қадамы болмақ.

1. Миронов В. Н. Социальная история России периода империи (XVIII—начало XX в.): В 2 т.—3-е изд., испр., доп.—СПб.: «Дмитрий Буланин». —XL, 548 + 583 с., 87 + 55 ил.
2. Г.С. Султаналиева, Т.Т. Далаева Диплом на дворянское достоинство султану // Исторический архив – 2014. №4. – С. 174-186.
3. Д. Арапов Мусульманское дворянство в Российской империи // Дворянский вестник. – 1999. №45. – С. 4-5.
4. Г.С. Султаналиева Казахское чиновничество Оренбургского ведомства: формирование и направление деятельности // Аса Slavica Уароника, Томус 27, pp. 77-101.
5. Абырхаманова Б.М. История Казахстана: Власть система управления, территориальное устройство в XIX веке. Караганда: «Гласир», 2010. – 380 с.
6. Меушевский А.Н. Утверждение абсолютизма в России. М.: «Текст», 1993. – 320 с.
7. Маманов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеевко А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана: народы и культура. Алматы: «Дайк-пресс». – 2000. – 385 с.
8. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. LXXXI. Акмолинская область. Под редакцией Н.А. Тройницкаго. СПб. – 1904. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. LXXXIV. Семипалатинская область. Под редакцией Н.А. Тройницкаго. СПб. – 1905. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897г. LXXXVI. Семиречинская область. Под редакцией Н.А. Тройницкаго – СПб. – 1905. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. LXXXVI. Сыр-дарьинская область. Под редакцией Н.А. Тройницкаго. СПб. – 1904. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. LXXXVII. Тургайская область. Под редакцией Н.А. Тройницкаго. СПб. – 1904. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. LXXXVIII. Уральская область. Под редакцией Н.А. Тройницкаго. СПб. – 1904. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. XXVIII. Оренбургская губерния. Под редакцией Н.А. Тройницкаго. СПб. – 1904. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897г. II. Астраханская губерния. Под редакцией Н.А. Тройницкаго. СПб. – 1904.
9. ПСЭРІ, т. XXXVIII, С. 417-433.
10. ЦГА РК Ф. И- 369, Оп.1, Д. 602, Л. 1-5.
11. ЦГА РК Ф.4, оп. 1, Д. 366. Л. 1-3.

## КАЛПОМОЛДИНА ЖАННЕГА АМАНГЕЛДИНОВНА

*тарих магистрі, ШҚМУ Тарих, филология және халықаралық қатынастар факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (Усть-Каменогорск, Қазақстан)*

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІН ҚОНЫСТАНҒАН ЕСКІ ДІНДІ УАҒЫЗДАУШЫЛАР (СТАРОВЕРЛЕР)

Соңғы жылдарда батыстық және ресейлік тарих ғылымында зеттеушілердің назарын аударып, күн санап қанат жайып келе жатқан жаңа бағыт – күнделікті өмір тарихын зерттеу. Өйткені күнделікті өмір тарихы өткенді танып білудің жаңа методологиялық бағыты ғана емес, сонымен бірге зерттеу әдістеріне жаңа мүмкіндік, тыныс беретін әдіс-құралыда. Күнделікті өмір тарихының негізгі зерттеу объектілері адамдардың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, рухани-мәдени құндылықтары, киіну, сөйлеу мәдениеті яғни олардың күнделікті өмір көріністерінің жиынтығы. Макротарихтан микротарихқа ден қойған қазіргі тарихнама қатардағы қарапайым адамның, жеке индивидтің (тұлға) күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі өзгерістерді, ол өзгерістердің динамикасын зерттеуді негізгі нысанасына айналдырып отыр. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастау алған бұл бағыттың ерекшелігі макродеңгейдегі күрделі де ауқымды тарихи өзгерістердің микродеңгейдегі жеке тұлғалардың күнделікті өміріне ықпалын

анықтауға мүмкіндік туғызуында болса керек.

Күнделікті өмір тарихын зерттеу арқылы халықтың өміріне жаңа көзқараспен қарауға болады. Шығыс Қазақстан өңірін мекендеген старOVERлердің де күнделікті өмір тарихы жекеленген тұрғыдан алып қарағанда көбінде тек кеңестік дәуірде зерттелген.

Халықтар мен ұрпақтардың ауысуымен қоғам тәртібі өзгереді, бірақ тарихи даму өзегі өшпей, халықтар мен ұрпақтар, бірінен кейін бірі дүниеге келіп, біртіндеп белгілі мәдени қор жинақтап, ол ұзақ ғасырлық қордан бөлініп, бізге дейін жетіп, біздің өміріміздің құрамына еніп, біз арқылы